JUSAN ANALYTICS

Валюта нарығына апта сайынғы шолу (2022 жылдың 20-24 маусымы)

2022 жылдың 20-24 маусымы аралығында теңге **долларға қатысты 5.12%-ға -** 464.81 теңгеге дейін, **ресейлік рубльге қатысты 9.49%-ға** - 8.76 теңгеге дейін **әлсіреді.** Біздің пікірімізше, бағамның өзгеруі әдепкі қысқа мерзімді кезеңге қарағанда (±5 п.т.) жоғары (0.12 п.т.-қа).

Бағамның бұлайша құлпыруы бағамның қалай болатындығы туралы жасалатын болжамдардың айқын еместігін және сұраныс пен ұсыныстың жаңа теңгерімінің қалыптасып келе жатқандығын білдіреді.

Өткен аптада USDKZT жұбы бойынша **сауда көлемі** оған дейінгі аптаға қарағанда 14.0%-ға өсіп, (2022 жылғы орташа апталық сауда көлемімен салыстырғанда 6.0%-ға төмендеді) 563.46 млн долларды құрады.

Бұл ретте маусым айында KASE-де (ҚР Қор биржасында) USDKZT жұбының сауда көлемі май айына қарағанда 17.0%-ға төмендеді. Май айында сауда көлемінің жоғары болғандығын "үлкен салық аптасы" болғандығымен түсіндіруге болады. Яғни мұнда экспорттаушылар экспортқа салынатын рента салығы мен пайдалы қазбаларды өндіру салығын төлеу үшін түсім ақшаны сатады. Маусым айында валюта нарығында экспорттаушылардан мұндай белсенділік байқалмады.

USDKZT жұбының валюталық сауда көлемі



Дереккөз: KASE

JUSAN ANALYTICS

Бағам белгілеудің сыртқы факторлары

Өткен аптада валюта бағамы бірқатар сыртқы факторлардың ықпалында болды. Солардың ішінде қатты сезілгені - дамыған елдерде **пайыздық мөлшерлемелердің өсуі**. Маусымның ортасында **ФРЖ мөлшерлемесінің батыл түрде** 0.75 п.т.-қа (1.5-1.75%-ға дейін) **көтерілуі американдық доллар индексінің (USDX):** 104.19% (немесе жыл басынан бері 8.7 п.т.-қа) өсіп келе жатқан үрдісіне оң әсер етті.

Доллардың қымбаттауы американдық борыштық құралдардың инвестициялық тартымдылығының артуына және инвесторлар тарапынан дамушы елдердің активтеріне деген қызығушылығының төмендеуіне әкеп соқты. Бұдан бір жыл бұрын отандық мемлекеттік бағалы қағаздар бейрезиденттер тарапынан айтарлықтай сұранысқа ие болған еді. Ал 2022 жылдың басынан бері керісінше сұраныс төмендеуде.

Теңгенің әлсіреуіне **негізгі экспорттық баптардың** (3-бет. кестені қара) **бағасының төмендеуі** де қосымша әсер етті. Бұған әлемдік **экономиканың құлдырауына қатысты нарыққа қатысушылардың қорқынышы** себеп болуда. Нарық тарапынан дамыған елдердің ақша-несие жағдайын қатаңдатуға бағытталған әрекеттері ғаламдық экономиканың ахуалын нашарлатып жіберуі мүмкін екендігіне қатысты **алаңдаушылық байқалады**.

Теңге бағамының валюталарға қатысты құбылмалылығы

Дереккөз: ҚРҰБ деректері Jusan Analytics

Валюта жұптары тербелістерінің серпіні



Дереккөз: ҚРҰБ деректері Jusan Analytics

JUSAN ANALYTICS

Мұнай бағасының белгіленуіне Иранның ядролық бағдарламасы бойынша Жан-жақты қамтылған бірлескен іс-қимылдар жоспарын (ЖБІЖ) жүзеге асыру бойынша **АҚШ пен Иран арасында жанама келіссөздерді** (делдал ретінде ЕО) қайта жаңғырту туралы ақпарат, сондай-ақ алдағы аптада Үлкен жетілік елдері басшыларының **ресейлік мұнай бағасына шектеу қою шаралары** бойынша күтілетін шешімі ықпал етуде. Айта кету керек, ЖБІЖ-ді қайта қалпына келтіру және Иранна санкцияларды алып тастау - ирандық мұнайды нарыққа қайта әкелуге мүмкіндік береді.

Jusan Analytics пікірі

Өткен аптада теңгенің әлсіреуі біздің пікірімізше жазғы еңбек демалыстары басталған соң, валютаға деген сұраныстың артуына, бұған дейін үзілген логистикалық тізбектер бойынша импорттық жеткізілімдердің қайта қалпына келуіне және жаңа импорттық тауар арналарының пайда болуына байланысты орын алды. Мұның барлығы өткен аймен салыстырғанда бірқалыпты валюта ұсыну аясында дивиденттердің бірреттік төлену факторымен сәйкес келді. Теңгені әрі қарай қолдауға мына факторлар ықпал етеді: мұнай бағасы, Ұлттық қордан алынған транферлерді конвертациялау және квазимемлекеттік сектор экспорттаушыларының валюталық түсімнің 75%-ын (ағымдағы жылдың соңына дейін) сатуға міндеттілігі. Егер бір реттік және маусымдық факторлардың ықпалын жоққа санайтын болсақ, бағам 1 доллар үшін 459-464 теңге деңгейінде тұрақталуы ықтимал.

Қазақстанның негізгі экспорттық тауарларының серпіні

	Жабылардағы баға, АҚШ доллары	Апта ішіндегі өзгерістер,%	Жыл басынан бергі өзгерістер,%	Серпін
шикі мұнай	107.62	-1.77	+43.09	
бидай	923.75	-10.68	+19.85	
уран	48.45	+1.25	+7.55	
темір кені	129.71	-4.41	+15.30	
мырыш	297.1	-4.58	+4.14	
алюминий	2 456	-1.68	-12.52	
мыс	8 381	-6.48	-13.78	

Дереккөз: investing.com

JUSAN ANALYTICS

2022 ж. шілде-желтоқсаны бойынша салық төлемдерінің алдағы кезеңдері

шілде

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм
				1
4	5	6	7	8
11	12	13	14	15
18	19	20	21	22
25	26	27	28	29

тамыз

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм
1	2	3	4	5
8	9	10	11	12
15	16	17	18	19
22	23	24	25	26
29	30	31		

қыркүйек

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм
			1	2
5	6	7	8	9
12	13	14	15	16
19	20	21	22	23
26	27	28	29	30

қазан

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм
3	4	5	6	7
10	11	12	13	14
17	18	19	20	21
24	25	26	27	28
31				

қараша

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм
	1	2	3	4
7	8	9	10	11
14	15	16	17	18
21	22	23	24	25
28	29	30		

желтоқсан

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм
			1	2
5	6	7	8	9
12	13	14	15	16
19	20	21	22	23
26	27	28	29	30

үлкен салық аптасы (экспортқа рента салығы, ҚҚС, пайдалы қазбаларды өндіру салығы)

Дереккөз: uchet.kz

JUSAN ANALYTICS

Қолма-қол шетелдік валюта нарығы

Kurs.kz деректері бойынша валюта айырбастау пункттерінде 20-24 маусым аралығында доллар 446,1-469,7 теңгеге сатылып, 441,7-462,3 теңгеге сатып алынды. Бір рубль үшін айырбастау пункттері 7,11-7,77 теңге төлесе, рубльдің сатылымы 7,33-8,23 теңге деңгейінде болды.

ҚРҰБ деректері бойынша айырбастау пункттері тарапынан долларды сату көлемі 2022 жылдың мамырында ұлғая түсті. Мамыр айында қолма-қол ақша бойынша нетто-сатылым 486 млн долларды құрады (бір ай ішіндегі өсім - 16.4%). Атап өту керек, айырбас бағамы 1 доллар үшін 435 теңгеден төмен түскен жағдайда тұрғындар тарапынан қолма-қол долларға деген сұраныстың артады.

Мамыр айында қолма-қол рубльдің нетто-сатылымы 19.0%-ға - 2.1 млрд рубльге дейін өсті. Айта кетелік, қолма-қол рубль бойынша операция көлемі санкцияға дейінгі кезеңдеге деңгейден төмен күйінде қалуда.

Дереккөз: ҚРҰБ



Дереккөз: ҚРҰБ

Жауапкершіліктің шектелуі:
Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл таза ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір есеп-қисап беру емес, сондай-ақ іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіптік консультациялар және көрсетілетін қызметтер ұсыну бойынша ұсынысқа немесе қандай да бір ұмтылысқа жатпайды. Аталмыш материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз. Біз оқырмандардың дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін жауапты болмаймыз.

«Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзету үшін өзіне міндеттеме алмайды. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

© 2022 ж., барлық құқықтар қорғалған.